

УДК 81'1:811.111

## ТӘРБИЕЛІК ДИСКУРС СТИЛЬДЕРІНЕ ЛИНГВО-ПРАГМАТИКАЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ КОГНИТИВТІ АСПЕКТІСІ

Қарабаева Айгерім Айтбайқызы

[karabaevaigerim@bk.ru](mailto:karabaevaigerim@bk.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің

«Шетел филологиясы: Ағылшын тілі» мамандығының 4 курс студенті Ғылыми жетекші –  
Анафинова М.Л. ф.ғ.к., профессор м.а.

Адам баласы жаратылғалы ол қоршаған ортаны тану жолында және өзара қарым- қатынас құралы ретінде тілдің қолданылғаны және ары қарай қолданылатыны да сөзсіз. Сәйкесінше, қоғамның мүшесі ретінде адам түсетін кез келген қоғамдық қатынастың негізін құраушы фактор – коммуникация. Адамдардың қарым-қатынасын, олардың сөйлеу қабілеттерін, тілдік мүмкіндіктерін зерттейтін сала ретінде лингвистика ғылымының маңыздылығы мен өзектілігі жарқын көрінеді. Мақала тақырыбының жан-жақты әрі егжей- тегжейлі зерттелуі арқылы оның жазылуына негіз болған тіл ғылымдарының маңызды екі бағыты: «дискурс» және «когнитивизм» болып отырғандығы мәлім. Бүгінде осы екі ұғымды өзінде біріктіретін тіл туралы ғылым саласының бір бөлігі ретінде коммуникативті лингвистика қарқынды түрде дамып жатыр. Осы орайда тәрбиелік дискурстың стильдерін анықтау және оларға сипаттама беру маңызды аспект болып табылады. Сәйкесінше, бұл жолда тәрбиелік дискурс стильдерін анықтауға ықпал ететін келесідей факторларды бөліп шығара аламыз, біріншіден, коммуникативті мақсат пен коммуникативті оқиға, екіншіден, когнитивті- прагматикалық аспектілер. Жоғарыда айтып өткеніміздей, тәрбиелік дискурстардағы қарым- қатынастар стилін зерттеу өздігінен өзекті болса, бұл зерттеудің когнитивті аспектінің призмасынан өткізіп зерттеу бұл мақаланың маңыздылығын арттыра түсіретіні хақ.

«Дискурс» терминінің полисемиясы және бұл түсініктің гуманитарлық білімнің әртүрлі салаларында кеңінен қолдануының әсерінен «дискурс» терминінің мәнін түсіндіруге әртүрлі көзқарастар тудыратыны табиғи нәрсе. Дегенмен, әртүрлі салалардағы ғалымдардың күш- жігерінің арқасында «Дискурс» теориясы қазіргі заманғы ғылымның дамуындағы интеграцияның жалпы тенденциясын көрсететін тәуелсіз пәнаралық сала ретінде қалыптасуда деп айтуға болады [1, 316]. Яғни, «дискурс» түсінігі лингвистика ғылымынан бөлек, психология, элеуметтану, педагогика, антропология, философия, әдебиеттану және басқа да алуан түрлі ғылымдарда кеңінен қолданылу себебінен де бұл термин бірқелкі түрде сипатталмайды.

Дискурс – өміріміздің орталық бөлігі. Біз басқа адамдармен қарым-қатынас құрған кезде әңгімелерді, телефон қоңырауларын, хаттар мен нұсқаулар арқылы іске асырамыз. Сөйлеу қабілеті мәдениетті танудың негізі болып табылады, ал тіл өзінді және басқаларды түсіну үшін категориялар мен терминдерді ұсынады [2, 607б]. Бұдан бөлек, «дискурс» терминіне келесідей екі анықтама бар: біріншіден, дискурс белгілі бір коммуникативті нормадан туындайтын коммуникацияның шартты сипатына баса назар аударады: яғни хабарламаны құру мен қабылдаудың белгілі бір прагматикалық, психикалық жағдайларына және мәтінді құрудың белгілі бір модельдеріне - мәтін түрлеріне байланыстылығы. Бұл тұрғыдан алғанда, дискурс ретінде сәтті қарым-қатынас не коммуникация шарты түсіндіріледі, яғни хабарламаларды жасау және қабылдау; екіншіден, дискурс ретінде тақырыбы бойынша байланысқан мәтіндердің жиынтығы түсіндіріледі, яғни мәтіннің белгілі бер түрлерінің өзара әрекеттесуі арқылы болатын коммуникативті кеңістік, сондықтан да

«дискурс» коммуникативті оқиғалардың тұтас кешені ретінде қарастырылады [3, 77б].

Г.Г. Буркитбаева айтып өткендей: «дискурстың жүздеген санаттары немесе түрлері бар, оларды жағдай, функциялар, дискурстың қатысушылары, мазмұны бойынша немесе осы факторлардың үйлесімі бойынша жіктеуге болады» [4, 32б]. Сондықтан да, осыған арқау

болған тәрбие дискурсының мақсаты адамның әлеуметтенуінде көрінеді және осы басым функция жазбаша мәтіндер мен ауызша сөйлеу формаларында көп және өзгермелі сипат алады [5, 103б]. Осы орайда, адамның әлеуметтенуі ретінде оған жүйелі түрде ықпал ету арқылы адамның өзіндік мінез-құлқын, дүниетанымын қалыптасыру және адамды белгілі бір сезімдерді сезінуін үйрету, оны ары қарай дамыту деп түсінеміз. Сонымен қатар, «тәрбие» деп жеке тұлғаның адамдық бейнесін қалыптастырып, өмірге бейімдеу үшін жүргізілетін игі әрекет, тәртіп пен мінез құлық-дағдысын түсінуге болады [6, 1230б]. Бұдан бөлек, «тәрбие, сөздің кең мағынасында – адамның психикасының қалыптасуы мен дамуына қоршаған ортаның, оқиғалардың, бүкіл әлеуметтік жүйенің әсері...»- деген ұғымныңда өмір сүруге құқығы бар [7].

Бүгінде барлық ғылыми бағыттардың зерттеу объектілерінің орталығында адамның тұрғаны рас. Бұл тұрғыда тіл білімі де ерекшелік емес, себебі көптеген тіл мамандары мен лингвистер өздерінің қызығушылықтарын адам қарым-қатынасының маңызды құралы ретінде сөйлеу әсерін ескере отырып, сөйлеу хабарламаларын зерттеу саласына бағыттады. Прагматикалық әсерлерге көбірек көңіл бөлінді, ал прагматика ғылым ретінде алдыңғы орынға шықты. «Дискурс» пәнаралық зерттеулердің объектісі болып отыр, сондықтан да оның прагматикасы туралы да айтуға болады.

Бүгінгі күні прагматиканы пәнаралық ғылым саласы ретінде әбден қарастыруға болады. Қ. Кенжеқанқызы прагматиканың эмпирикалық міндеттері ретінде когнитивті модельді құрастыру, сөйлеу актілерін, сонымен қатар коммуникативтік өзара қарым-қатынастың моделін түсіну, есте сақтау және тілді белгілі бір әлеуметтік ортада қолдана білу әрекеттерін көрсеткен болатын [8, 17б]. Ал когнитивті модельдер, яғни когнитивтік ғылым адамның психикалық және танымдық әрекетін зерттейді. [9, 17б]. Сонымен, «Прагматика саласында тілді іс-әрекет негізінде зерттеу арқылы қазіргі лингвистикалық парадигманың қағидалық тұжырымдарының өзектілігін арттыратын лингвистикалық сипаттаманың тәуелсіз пәні аталады» [10, 29б]. Прагматика - бұл тілді қолдану негізінде немесе оған байланысты мағынаны жүйелі түрде зерттеу болып табылады. Прагматиканың негізгі зерттеу тақырыптары импликатураны, сөйлеу актілері мен дейксисті қамтиды [11, 2б]. Яғни, прагматика арқылы біз ойларды, сезімдерді жақсы білдіру үшін; тыңдаушыға немесе оқырманға, адресатқа жақсы әсер ету үшін қол жетімді қоржыннан тілдік құралдарды таңдау мәселелеріне қатысты білім саласын түсінеміз. Егер ақпаратты жіберуші қойылған мақсатқа жету үшін тілдік бірліктерді саналы түрде таңдаса, оның таңдауы ойластырылған және өлшенген, ал ақпарат алушы бұл таңдауды санада тіркесе, онда біз тікелей, ашық әсер туралы, айқын ниетті жүзеге асыру туралы айтамыз. Егер тіл құралдарын таңдауды

ақпаратты жіберуші де, алушы да жүзеге асырмаса, онда біз жасырын ниетті өзектендіре отырып, жасырын интенция туралы айтып отырмыз. Осылайша, адамдар арасында коммуникация пайда болады.

Бұдан бөлек, кез-келген дискурстың коммуникативті бағыты мен стилі прагматикалық мақсатқа байланысты болатыны анық. Өз кезегінде лингвистика ғылымы екі адамның арасында орын алатын процесті зерттеу пәні ретінде алған коммуникация теориясын қамтиды. Коммуникативті лингвистика немесе коммуникативті теория келесі терминдермен тығыз байланыста: коммуникация және сөйлеу қызметі [12, 353б]. Тілдің коммуникативтік қызметі келесідей терминдермен жұмыс жасайды, адамның тілді қолданудағы салыстырмалы еркіндігін көрсете: лексиканы неологизациялау, контексті қолдана білу, диалектизмдер, лексиканың адамнан адамға ауытқуы, тіл жасау (синонимдерді таңдау, сөз тәртібі), диалог пен монологтың құрылысы, аллитерацияның барлық түрлері, тілдік бірліктерде әлемнің көркемдік көрінісін көрсету, коммуникантқа эмоционалды және прагматикалық әсер ету және тағы басқалар [13, 40-41б]. Ғалым қарым-қатынас ақпаратты бір адамнан екінші адамға беру процесі ретінде бірнеше деңгейде жүзеге асырылуы мүмкіндігін көрсетеді: ауызша, вербальды емес және өзге, сондықтан қарым-қатынас ауызша сөйлеумен шектелмейді, ым-ишара, бет- әлпет және дене тілі сияқты аспектілер де қарым-қатынастың бөлігі болып табылады.

Г.Д. Лассуэллдің коммуникация моделі («әрекет моделі», «сызықтық модель» немесе «біржақты байланыс моделі» деп те атайды) коммуникация теориясындағы ең ықпалды тұжырымдамалардың бірі болып саналады. Келесі кестеде көрсетілгендей, Лассуэллдің коммуникация моделі коммуникация процесін бағалау үшін талдау құралы ретінде қолданылатын 5 элементтен және олардың өзіндік ерекшеліктерін, қолдану аясын, жеткізу жолын айқындады. Бұл жерде элементтер ретінде жауап алу және қарым-қатынасты сақтау үшін қойылатын сұрақтарды түсінуге болады (Кесте-1) [14, 220б].

Элементтер	Мағынасы	Анализ
Кім?	Коммуникатор, хабарлама көзі немесе жіберуші	Коммуникаторға талдау жасалады
Не айтуда?	Хабарлама мазмұны	Хабарлама мазмұнына талдау жасалады
Қай арна бойынша?	Хабарлама жолдау тәсілі	Хабарлама жолдау тәсілін талдау
Кімге?	Хабарламаны алушы немесе адамдар тобы	Хабарламаны кім қабылдайтынын талдау
Қандай әсермен?	Алынған хабарға реакция	Байланыс әсерінің әсерін талдау

Кесте-1 Г.Д. Лассуэллдің коммуникация модель теориясы Коммуникация - бұл күрделі процесс, сондықтан коммуникативті кездесудің қай жерде немесе кіммен басталып, аяқталатынын анықтау қиын, десе де коммуникация модельдері қарым-қатынастың әртүрлі аспектілерін көрнекі түрде көрсету арқылы процесті жеңілдетеді. Бұл жерде коммуникацияны бір тарапты және екі не одан да көп жақты деп бөліп қарастыруға болады. Егер коммуникация орнау үшін кемінде екі адамның қатысуы қажет болса, оларды адресат және адресант немесе жеткізуші және қабылдаушы деп бөлеміз. Сол сияқты бір тарапты коммуникациялардың да

болатынын жоққа шығара алмаймыз. Оған дәлел ретінде келесі екі президенттің сөздерін талдап көрелік.

Біріншіден, Қазақстан Республикасының мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың келесідей постын көреміз: «*Халыққа айтарым, бұл дүниеде қазақтардың тағдырын тек өзіміз ғана шешеміз. Екіншіден біз үшін жалғыз ғана мемлекет бар, бұл – Қазақстан. Бұл – біздің қасиетті Отанымыз. Басқа отанымыз жоқ. Отанымызды қорғау, халқымыздың амандығын сақтау әр азаматтың парызы. Оны ұмытпауымыз керек. Қазақ елі жасай берсін дегім келеді*» [15]. Президенттің сөзінің прагматикалық мақсаты - «Отанымызды сыйлауды» халықтың санасына енгізу. Сондай-ақ, лингвистикалық ерекшеліктеріне қарасақ, бұл пікірді перлокутивті актке жатқызамыз, өйткені хабарламаны жіберуші тыңдаушыға сол пікірді айту арқылы хабарламаны алушы халыққа ықпал етуге тырысты. Сөйлеу актілерінен директивалар немесе перформативтер актісін байқаймыз, себебі хабарламаны жіберуші халықты әрекетке ұмтылдыруда, сонымен қатар, экспрессивті сөйлеу актісі де байқалады, өйткені сөйлеуші өзінің психологиялық жағдайын жаңашырлық, ризашылық арқылы білдіруде.

Екіншіден, АҚШ президенті Джо Байденнің келесі сөзін кездестіруге болады: «*This is America's day, this is a democracy's day. The day of history and hope of renewal and resolve through crucible. There is much to do, much to heal, much to restore. May God bless America and may God protect our troops*» [16]. Президенттің сөзінің прагматикалық мақсаты - «Отанымызды жарылқау» дегенін халықтың санасына енгізу. Лингвистикалық ерекшеліктеріне қарасақ, бұл пікірді перлокутивті актке жатқызамыз, өйткені хабарламаны қабылдаушы тыңдаушыға сол пікірді айту арқылы хабарламаны алушы халыққа ықпал етуге тырысты. Сөйлеу актілерінен репрезентативті актіні байқаймыз, өйткені, ол қоғамда болып жатқан істердің шынайы жағдайы туралы хабарлауға бағытталған, сондай-ақ, директивалар немесе перформативтер актісін байқаймыз, өйткені хабарламаны жіберуші халықты әрекетке ұмтылдыруда; және экспрессивті сөйлеу актісінде байқалады, өйткені сөйлеуші өзінің психологиялық жағдайын білдіруде.

Жоғарыда келтірілген ел басшыларының сөздерін тәрбие форматына жатқыза аламыз, өйткені «патриотизмге» жол, өз елін ұмытпау және құрметтеу, ары қарай дамыту, өз еліне жауапкершілікпен қарау әрекеттеріне шақыру олардың тәрбиелік сипатын көрсетеді. Бұдан бөлек, интерактивтілігіне қарай онлайн, ашықтығына қарай жария, бағыттылығына қарай монологтік, ал байланыс түріне қарай ресми болып табылады. Сондай-ақ, президент бізге хабарламаны жіберуші (sender), ал хабарламаны қабылдаушы (receiver) - халық. Ал хабарламаны жіберу тәсілі немесе каналы (channel) ретінде цифрлық технология мен ақпараттық-коммуникациялық технология танылады.

Ал сөйлеу, яғни қарым-қатынас стилі - ресми, публицистикалық және көркемдік стиль. Өйткені, қолдану аясы ресми қатынаста, қоғамдық өмірде қолданды және қарым-қатынас мақсаттары ретінде нұсқаулар мен нұсқамаларды, тыңдаушыға, оқырманға әсер ету, маңызды мәселелер бойынша ақпарат беруін байқаймыз. Ал негізгі стильдік сипаттар ретінде сөйлеудің бейнелілігі, эмоционалдылық сипаты байқалады.

Бұл жерде лингвистикалық ерекшеліктер ретінде келесілерді айтамыз: біріншіден, стилисттік тәсіл – анафораны қолдану, яғни бір сөздің немесе сөз тіркесін бірінен кейін бірі келетін сөйлемдерді бірнеше рет қайталау, мысалы, «*бұл*», «*this is*», «*much to*»; екіншіден, стилисттік тәсіл – аллитерация, мысалы, «*democracy's day*», «*бұл біздің*», «*history and hope*»,

«*renewal and resolve*»; үшіншіден, стилисттік тәсіл – метафора, мысалы, «*crucible*». Сонымен қатар, Г.П. Грайстың «Кооперация қағидаты» атты теориясының призмасынан президенттердің сөздерін өткізіп көрелік. Бұл видеоларда сан максимасы (quantity) қозғалмаған, ал сапа максимасы (quality) және қатынас принципі (relevance) жақсы және қалыпты сақталған деуге болады. Өйткені, ол кісілер сөйлеу барысында әңгімесін тақырып аясынан шығармай,

қажетті әрі дұрыс негіздер болған ретте ғана қозғады. Әдеп максиммасын (manner) тиісінше түрде сақталған деп айтуға болады, өйткені өз ойын анық жеткізсе де, әңгіме барысында артық сөздер көп қолданылмады. Сондай-ақ, сөйлеу барысында көптеген қимылдар мен позаларды байқаймыз, яғни кісі эмоциональді түрде бір орында тұрмай, әрі беріжүріп түсіндірді.

Қорытындылай келе айтарымыз, көптеген ғалымдардың басы тоғысқан когнитивті лингвистиканың мақсаты - біздің әлемді қалай қабылдайтынымызды және түсіндіретінімізді және оның тілде қалай көрініс табатындығын зерттеу болып табылады. Бұл аспектіде тіл, ойлау және танымдық процестердің өзара байланысы, қарым-қатынасқа қатысушылар қолданатын білімді ұсыну әдістері, сөйлеу сөздерін түсіну және құру процестеріндегі ақпаратты ұйымдастыру және концептуализациялау механизмдері, ақыл-ой бейнелері мен модельдері, біздің санамыздың қажетті құрамдас бөлігі ретінде әрекет ету қажеттіліктен туындады.

Сәйкесінше, тілді зерттеудің когнитивті тәсілі танымдық және сөйлеу-ойлау процестеріндегі адам факторының рөлі ерекше. Сондықтан да адамдар арасындағы қатынастардың өзегі де тіл құралдарында қалады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Хурматуллин А.К. Понятие дискурса в современной лингвистике: ученые записки Казанского государственного университета. - Гуманитарные науки, 2009. – 31-37 с
2. Melissa Hardy and Alan Bryman. Handbook of Data Analysis. Part V Analyzing Qualitative Data. Discourse Analysis. Jonathan Potter. 2009. 729p.
3. Черняевская В.Е. Дискурс власти и власть дискурса: проблемы речевого воздействия: учеб. пособие. – М.: Флинта, Наука, 2006. – 136 с.
4. Буркитбаева Г.Г. Текст и дискурс. Типы дискурса. — Алматы: Білім, 2006. — 239 с
5. Цинкерман, Т. Н. Об опыте диахронического подхода к установлению динамики ценностей англоязычного воспитательного дискурса. Волгоград, Российская Федерация. 2015.101-107с.
6. Н. Уәли, Ш. Құрманбайұлы, М. Малбақов, Р. Шойбеков және т.б. Қазақ сөздігі. Қазақстан республикасы мәдениет және ақпарат министрлігінің тіл комитеті: Алматы. 2013. 1486б.
7. <http://teoria.ru/glava-4-obrazovanie/p-5-shirokij-i-uzkij-smysl-obrazovaniya>
8. Кенжеқанова Қ. К. Саяси дискурстың прагмалингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалдары бойынша). Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті: Алматы, 2015. 187 б
9. Анафинова М.Л. Монография «Международный дискурс и отраслевая терминология», Астана, 2012, 204с.;
10. Аманбаева Г.Ю. Макрознак: структура, семантика, прагматика: автореф. дисс. ... докт.фил.наук: 10.02.19. – Алматы: КазНУ им. аль-Фараби, 2005. – 40 с.
11. Yan Huang. Pragmatics. 2nd edition. Great Clarendon Street, Oxford, USA: 2014. 463 p.
12. Зинаида Какбаевна Сабитова, Новые лингвистические направления XX-XXI вв.
13. Казахский национальный университет имени Аль-Фараби. 2011. 347 – 360 с.
14. Э. Д. Сулейменова. Очерки о лингвистах. Казахский национальный университет имени Аль-Фараби. Алматы «Қазақ университеті» 2020. 1-172б
15. Lasswell H.D. The structure and function of communication in society // The Communication of Ideas. N.Y.: Harper and Brothers, 1948. P. 215-228.
16. [https://www.instagram.com/tv/CaFb6GLFHuq/?utm\\_medium=copy\\_link](https://www.instagram.com/tv/CaFb6GLFHuq/?utm_medium=copy_link)
17. [https://youtu.be/o2c\\_RrjCnXE](https://youtu.be/o2c_RrjCnXE)